



Қарағанды Мемлекеттік Медицина Университеті

Балалар және жасөспірімдер гигиенасы кафедрасы

СОӨЖ

Тақырыбы: Мүмкіндіктері шектеулі балалар мен жасөспірімдер үшін психологиялық педогогикалық коррекциялау кабинеттері.

Орындаған: Бөрібекова Ф.О

5002 МПД

Қабылдаған:

Қарағанды 2017

Жоспары

- Кіріспе
- Негізгі бөлім
- 1) Мүмкіндігі шектеулі балалар және жасөспірімдер
- 2) Мүмкіндіктері шектеулі балаларды тәрбиелеу ерекшеліктері.
- 3) Қатонқарағай аудандық психологиялық-педогогикалық түзеу кабинеті
- Қорытынды
- Пайдаланылған әдебиеттер

- Соңғы уақытта біздің қоғамымыз дамуында кемістіктері бар балалар мен жасөспірімдер мәселесіне бет бұрды. Олардың өмірлері бөлме өсімдіктерімен пара-пар. Дамуында кемістігі бар бала үшін отбасы бір жағынан тіршілік қоршауы болса, екінші жағынан тәрбиелік орта. Баланың алғашқы өмір сүруі мен қалыптасу қадамы отбасында өтеді. Сондықтан тұлғаның қалыптасу нәтижелігі ең бастысы отбасына тәуелді. Педагогика тарихында отбасында тәрбиелену мәселесін Д. Дидро, Я.А.Коменский, К.Д.Ушинский өз зерттеулерінде қарастырған. Барлығы баланың ерте жасынан отбасында адамгершілік құндықтар мен нормаларды меңгеретініне көңіл бөліп, байқаған. Дамуында кемістігі бар бала отбасына тәуелді. Дамуында ауытқуы бар нәрестенің дүниеге келуі- отбасы және туыстары үшін қиын ауыр сәт. Осы кезеңде баланы ары қарай тәрбиелеуге байланысты жаңа міндеттер тұрады. Бала кемістігін ата-аналар әртүрлі қабылдайды, жанұяда дамуында кемістігі бар баланың болуы отбасының әлеуметтік мәртебесінің өзгеруіне әкеліп соғады. Көптеген ата-аналар отбасы материалдық шығындарының өсуімен кемтар баланы емдеу және тәрбиелеу үшін жұмыстарын тастап кетуге мәжбүр болады. Кейбір ата-аналар, әсіресе әкелері проблеманы көтере алмай отбасын тастап кетеді

- Мүмкіндігі шектеулі балалар дегеніміз - ол 0-18 жасқа дейін дене және (әлде) психикалық нәсілді, жүре және өмір жағдаяттарымен пайда болған кемістігі бар, арнайы оқу тәрбиені талап ететін, өмірлік іс-әрекетке мүмкіндігі аз шектеулілер балалар . Осындай балалардың саны күн санап артуда. ҚР Білім және ғылым министрлігінің мектепке дейінгі және орта білім департаментінің статистикасы бойынша, 2005 жылы шамамен мүмкіндігі шектелген балалар саны 124 мыңды құраса, 2011жылы 149 мыңнан асты. 2012 жылғы мәлімет бойынша, 151216 бала белгілі болды

- Мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамға әкелетін қасіреті зор: баланың өзіне, ата-анасына, достарына, мектепке, туған туыстарына, демографиялық өсімге, отбасының азаюына, отбасын құрған жағдайда ата-ана міндетін толықтай атқара алмауы т.б
- Мүмкіндігі шектеулі балалар мемлекет қамқорында: «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық педагогикалық түзеу арқылы қолдау» туралы заң (2001ж), «Баланың құқығын қорғау» туралы заң (2002ж), «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау» туралы заң (2005ж) “Арнайы әлеуметтік қызметтер” туралы заң (2008ж) қабылданған



- 2013-2014 жж Арқалық қаласы әкімдігінің «Мүмкіндігі шектеулі балалардың күндізгі болу бөлімшесі» жұмысының мәлімдемесі бойынша, барлығы 30 мүмкіндігі шектеулі 3-16 жасқа дейін балалар, соның ішінде - ұлы -18, қызы – 12. Шыққан отбасы 100%, әлеуметтік аз қамтылған - 39%, орта және ортадан жоғары қамтылған - 18%, толық -21%, толық емес - 14% отбасы, яғни баланың ауру жағдайына байланысты әкесінің кетіп қалуы болып отыр. «Мерез», «соз», «ЖИТС» қатерлі жұқпалы аурулардың әсерінен - 8%. Сонымен қатар, ғылыми зерттеулерде көрсетілген жағдаяттардан мүмкіндігі шектеулі балалардың туындау және түрі мен санының өсу себептерін анықтады

- Салыстырмалы түрде «туа» және «жүре» пайда болуы салдарының көрсеткіштері жоғары. Мемлекеттік статистика бойынша «нәсілдік», яғни атадан балаға берілу себептерінің көрсеткіші 0,3% құраса, ал «туа» және «жүре» пайда болу себептері 99,7% жетіп отыр. Мүмкіндігі шектеулі болып қалудың «нәсілдік»: ата-бабасынан ұрпақтан ұрпаққа; ген арқылы; туыстық некеден; некеге тұрарда медициналық тексеруден өтпеу салдарынан т.б беріледі. Сол себепті бұрынғы ата-бабаларымыз қан тазалығын сақтау және келер ұрпақтың сау, әрі саналы болып дүниеге келуі үшін жеті атаға дейін некеге тұрмаған. Жүкті әйелге көп көңіл бөлінген. Сонымен қатар, сау ұрпақ дүниеге келуі үшін көптеген ырым, тиымдар жасалынған.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларды тәрбиелеу ерекшеліктері

- Тәрбие бұл жалпы ортақ міндеттерді іске асыру барысында мұғалім мен оқушының ықпалдасты, әрекеттерін қамтамасыз етуші арнайы ұйымдастырылған тәрбиелік жүйе жағдайында тұлғаны қалыптастыру, ол үшін рухани байлығы мен эмоциялық құндылықтарды тәрбиелеу мақсатын көздейтін әлеуметтік процесс.
- Қазіргі уақытта тәрбие келесідей мақсаттарды көздейді:
 - - қоғамда және білім беру саласында тәрбиенің мәртебесін көтеру;
 - - тәрбиелік жүйелерді қалыптастыру;
 - - білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын нығайту, жетілдіру, отбасымен байланысты дамыту, кеңейту;
 - - отандық тәрбие дәстүрлері мен қазіргі тәрбиелеу тәжірибені біріктіру;
 - - балалар үшін психологиялық-педагогикалық, медициналық-әлеуметтік оңалту жүйесін әзірлеу, енгізу.
- Арнайы білім беруде тәрбиені ұйымдастыру принциптері ұлттық білім беру стратегиясы мен саясатымен анықталады, соның ішінде тәрбиелік ұйымдардың мен жүйелерді, әдістер мен жүйелердің көптүрлігін қажет етеді.
- Сонымен бірге тәрбиені дұрыс жүзеге асыру үшін тәрбиешілерді дайындау жүйесін жетілдіру қажеттілігін білдіреді. Бұл жерде жаңа арнайы білім беру технологиялармен таңыстыру, үйрету мақсаты өзеісті болып табылады

- Ал оқу және тәрбие өзара байланысты, бір бірімен ажырамас ұштасқан күйде бір уақытта қатар жүріп отырады, бірақ ұйымдасу әдістері және формалары тұрғысынан өзгеше. Оқу мен тәрбиенің ортақ белгілері:
- - тәрбие процесі өз ішіне оқу элементерін қамтиды: қандай да ережені орындауды талап етуден бұрын оның іске асырылу жолдарын үйрету қажет;
- - оқу процесі мұғалім мен оқушы арасындағы ықпалдасты іс-әрекеттің ұйымдастырылу формасына сәйкес өтеді. Өз қызметі барысында мұғалім оқушыға тәрбиелік ықпал жасайды;
- - оқу мен тәрбие процесстерінде бірдей әдістер пайдаланылады

- **Қатонқарағай аудандық психологиялық-педогогикалық түзеу кабинеті**
- ПМПК-нің жолдамасы бойынша зерттеу жұмысынан кейін, мамандар балаға жеке дамыту бағдарламасын жасайды да сабақ кестесіне кіргізіп, әр маман тақырыптық жылдық жоспар бойынша бір-бірін толықтырып отырады. Жылына 2-рет топтық бағалау арқылы баланың даму мүмкіндігінің қорытындысын шығарып отырады. Айына 1-рет әдістемелік кеңестерді өткізіп, топтық бағалауға дайындық жұмыстары жүргізіледі, жылына 4 рет кеңес беру жоспарланған. Консультациялық нысандағы жұмыстың түрлері мектептердегі психологиялық қызмет арқылы және әлеуметтік қызметкерлермен байланыс арқылы жүзеге асырылады. Кабинеттен биылғы жылы **69** бала психологиялық дефектологиялық көмек алып отыр. Оның ішінде **38** бала - психикалық дамуы тежелген, **13**-і ақыл-ойы кенжелеп қалған, **17** баланың тіл бұзылыстары бар, **1-уі** – аутизм. Аймақтар бойынша консультация түрінде түзету көмектері үнемі жасалынып отырады. Педагог-логопедтің бұрышында баламен жұмыс жасауға қажетті құралдардың барлығы бар: айна, артикуляциондық жаттығулардың үлгісі, дыбыстар әліппесі, логопедиялық зондтар және де басқа методикалық құрал-жабдықтар.

- **Педагог-логопед**

Ғылыми негізделген оқыту жүйесін жүзеге асырады, тіл кемістігі бар балаларды тәрбиелейді және алдыны алу жұмыстарын жүргізеді. Логопед балабақшада және аудан мектептеріндегі мектепалды сыныптарда скринингтік сабақтар өткізеді, ата-аналардың сұраныстары бойынша жұмыс жасайды.

Педагог-дефектологтың бұрышында балаларды математикалық бағытта оқытуға арналған көрнекілік құралдар бар, логикалық ойлауға, зейінге және есте сақтауға арналған әртүрлі әдістемелік құрал-жабдықтар бар.

- **Педагог – дефектолог.**
- Ақыл есінде және дене бітімінің дамуында кемістігі бар балалар мен жасөспірімдерге бағытталған оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырады және өткізеді.
- Әрбір баламен жас ерекшелігіне, жеке тұлғасының қасиетіне, кемістіктің құрылысына, бұзылыстың мән-жайын ескере отырып түзеу-дамыту сабақтарын жүргізеді.
- Әлеуметтік педагог бұрышында әртүрлі көрнекілік плакаттардың бірнеше түрлері бар және балаларды мәдениеттілік пен әдептілікке тәрбиелейтін құралдар бар



- **Әлеуметтік педагог**
- 1. Түзеу кабинетіне әлеуметтік қолдау және басқа да көмек түрлерін сұрап келуші жанұяларды тіркеу, анықтау жұмысын жүргізеді. (кеңес беру, оқыту түрінде)
- 2. Ата – аналарға әлеуметтік қорғау, қамту, жанұяны қолдау сұрақтары бойынша және де баланың әлеуметтік адекватты тәртібін қалыптастыру, жанұяда тәрбиелеу бойынша кеңестер береді
- 3. Педагогтармен, әлеуметтік қорғау қызметкерлерімен, қайырымдылық көрсету ұйымдарымен, дамуында бұзылыстары бар балаларға әлеуметтік көмек көрсету сұрақтары бойынша байланыста болады.
- 4. Ата – аналардан бала психикасының дамуы туралы, онымен бірге ата – ананың қалыптасқан көзқарасын және баладан нені күтетіндерін, бала дамуының әлеуметтік ортасын, ата-анасына қиындық туу себебін, проблемасын ескере отырып бала дамуының мүмкін болатын болжамын жасайды.
- 5. Қажетті құжаттарды уақытында толтырады (баланың даму картасы, жанұяға көмек жасаудың жекелей түзету бағдарламасы, кеңес беру хаттамасы, есептер)
- Педагог – психологтың бұрышында баланы психологиялық-диагностикалық тексеруге арналған құралдар: сортер, Сеген тақтасы, баланың зейінің, есте сақтау қабілетін дамытуға арналған әртүрлі дидактикалық материалдар бар

- **Педагог-психологтың жұмыс ерекшелігі:**
- Бала дамуындағы әлеуметтік жағдайды зерттейді, жанұядағы ата-ана мен бала қарым-қатынасын зерттейді, шешесі мен баланың арасындағы қарым-қатынасты бақылайды, бағыт-бағдар береді.
Психологиялық диагностика жүргізіп баланың дамуына кедергі келтіретін факторларды анықтайды, эмоционалдық ерік- күштің ауытқуын анықтап, арнайы бағдарлама құрастырады.
- Ерте жастан түзеу педагогынын бұрышы түрлі түсті суреттермен безендірілген, ойлауға, ұсақ қол маторикасын дамытуға арналған әртүрлі ойыншықтар бар

- **Ерте жастағы түзеу педагогы**
- Педагог топтағы педагогикалық үрдісті жоспарлап, ұйымдастырады. Қолайлы түзету үрдісіне жағдай туғызып, күнделікті жұмысты жүргізеді.
Әр-түрлі іс-шаралар өткізеді, психофизикалық дамуына әсер етеді. Бала өмірі мен денсаулығына жауап береді. Ойындар өткізеді, қимыл моторикасының дамуына ықпал жасайды. Жекелей қабілеттерін, қызығушылықтары мен бейімін, олардың жанұялық және тұрмыстық жағдайларын зерттейді. Балалардың ата-аналарымен қарым-қатынасты жолға қояды. Емдік дене шынықтыру бұрышында тренажерлардың 5 түрі бар: жүгіру жолағы, велотренажер, тренажер «Твистер», денені шынықтыру тренажеры, штанготренажер және тактильді жолақ, қырлы жолақтар қойылған



- **Емдік дене шынықтыру**
- Дене шынықтыру тәрбиесі түзеу кабинетіндегі оқу-тәрбие жұмысының барлық жүйесінің ажырамас бөлігі. Ол оқыту, тәрбиелеу, түзету және емдік-сауықтыру міндеттерін шешеді.

Түзеу кабинетіндегі дене шынықтыру тәрбиесі ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық тәрбиесімен тығыз байланыста жүзеге асырылады, мүмкіндігі шектеулі балаларды өмір сүруге дайындауда және еңбек етуге үлкен рөл атқарады



Қорытынды

- Барлық балалар дарынды және толыққанды білім алу мен дамуға бірдей құқылы, ал мамандардың уақытылы және кәсіби көмегі кез келген баланың өмірін жақсы жаққа өзгертуі мүмкін және кемел, бақытты болашаққа мүмкіндік бере алады, әсіресе — мүмкіндігі шектеулі баланың өмірі үшін бұл маңызды.
- Қазақстанда 150 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі бала бар. Қазіргі уақытта олардың ішінен тек 27%-ы қарапайым мектепке барып жүр. БҰҰ-ның Балалар қорының мәліметтері бойынша, Қазақстанда ерекше қажеттілігі бар балалардың 3 және 6 жас арасындағы 67%-ы мектепке дейінгі мекемелерге бармайды.
- Көбінесе дамуында өз ерекшелігі бар сәби дүниеге келген отбасы өз проблемасымен жеке қалып қояды, ары қарай сәбиді қалай өсіріп, не істерін білмей қалады. Ал біздің еліміздегі ерекше бала және оның отбасы кәсіби түзету көмегін мекенжайы бойынша ала алатындай болып жұмыс істейтін арнайы ұйымдардың саны, өкінішке орай, жеткіліксіз.
- Осылайша ерекше баласы бар отбасы оған білім беру және кәсіби көмек көрсету үшін оны интернатқа жіберуге немесе онымен бірге көмек көрсетілетін қалаға көшуге, не үйден оқытуға ауысуға мәжбүр болады. Кей жағдайда бала тіптен білім процесінен тыс қалады. Әр балаға тек білім ғана емес, сонымен бірге кішкентай кезінен толық даму, өз құрдастарымен қарым-қатынас және әлеуметтендіру қажет.
- Толыққанды және сапалы өзгерістерді жүзеге асыру үшін «Дара» Қоры 2014 жылы бүкіл Қазақстан бойынша мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған психологиялық-педагогикалық түзету орталықтары (кабинеттері) жүйесін кеңейту және заманауи жабдықтау бойынша жобаны қолға алды.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР 2002ж № 343 заңы
- 2. Қостанай таңы газеті №26 (18082) 7 наурыз 2014ж., «Ел назары тағы да Сочиде»
- 3. http://katon-karagay.vko.gov.kz/kz/education1_01.htm
- 4. <http://mydocx.ru/5-42343.html>
- 5. Киселёва, М. В. Арт-терапия в работе с детьми -СПб., 2008.